

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
04.03.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 04.03.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары бастамашылық жасады.

Аталған заң жобасы балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету мақсатында әзірленді.

Өздеріңізге мәлім, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар отбасылар үшін жаңа жәрдемақы енгізілді. Ол отбасының кірісіне қарамастан, 42 мың 496 теңгеден бастап 74 мың 388 теңгеге дейінгі мөлшерде тағайындалады.

Көпбалалы отбасындағы балалардың жәрдемақы алу құқықтарына нұқсан келтіруді болғызбау мақсатында заң жобасында сегіз және одан көп балаларға арналған жәрдемақының мөлшерін төрт айлық есептік көрсеткіштен және әрбір кейінгі балаға он мыңнан астам теңгеден белгілеу ұсынылып отыр.

Осылайша, сегіз баласы бар отбасыларға берілетін жәрдемақы мөлшері 84 мың 832 теңгені, тоғыз балаға 95 мың 436 мың теңгені, он балаға 106 мың теңгені және одан кейінгі әр балаға төрт айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Бүгінгі күні Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты бойынша елімізде сегізден он беске дейін балалары бар 2 мың 451 отбасы бар.

Бұдан басқа, құрметті әріптестер, осы нормаға кері күш беріліп отырғанына сіздердің назарларыңызды аударғым келеді және ол 2020 жылдың

1 кантарынан бастап қолданылатын болады. Осылайша, біздің барлық көпбалалы отбасыларымыз жоғарылатылған жәрдемақы алатын болады.

Екінші жаңалық – террористік әрекеттен зардап шеккен Қазақстанға оралған балаларға қолдау көрсету. Өздеріңіз білесіздер, жүргізілген гуманитарлық операциялар аясында қақтығыс аймақтарынан 441 бала мен 162 әйел адам қайтарылды.

Заң жобасында террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту тәртібін айқындау жөніндегі құзыретті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне бекіту көзделіп отыр.

Тұтастай алғанда, заң жобасы Конституцияның нормаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарларға алып келмейді.

Құрметті депутаттар, жоғарыда айтылғанның негізінде заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Шарапаев Петр Анатолиевичке беріледі.

ШАРАПАЕВ П.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Айгуль Кабдушевна! Законопроектом вводится специальная норма по социальной адаптации детей, прибывших из зон террористических действий. Поясните, пожалуйста, чем вызвана необходимость разработки данных специальных норм? Спасибо.

НҰРКИНА А.Қ. Спасибо за вопрос.

Вернувшиеся на родину дети, несомненно, нуждаются в реабилитации и эффективной реинтеграции в казахстанское общество. Необходимо создать условия для их психологического восстановления. Такие дети прошли сложный жизненный путь, многие из них потеряли родителей, не знают языка, быта. Практически никто из этих детей не посещал дошкольные и школьные учреждения. При этом мы понимаем, что они должны быть активно включены как в учебный процесс, так и во внеурочные мероприятия для их социализации среди сверстников.

Кроме этого, многие из таких детей не имеют родственников, многие были рождены за границей и у них нет необходимых документов, удостоверяющих их личность. Соответственно, все они нуждаются в социальной реабилитации и адаптации.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Амангелдіқызына арналады.

Бүгінгі күні ұрыс қимылдары аймақтарынан 400-ден астам бала, оның ішінде 46 жетім бала елге қайтарылды. Ол туралы жаңа Айгүл Қабдешқызы айтып кетті. Қазір олармен оңалту іс-шаралары жүргізілуде.

Заң жобасында балаларды әлеуметтік оңалту мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және оларды әлеуметтік оңалту тәртібін айқындау жөніндегі функциялар Білім және ғылым министрлігіне беріліп отыр. Мұндай оңалту іс-шаралары біржолғы акция еместігін және балалармен одан әрі жұмыс істеу қажеттігін бәріміз түсініп отырмыз. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Балаларды оқыту мен оңалту қалай жүргізілуде? Сондай-ақ оларды қоғамға бейімдеу бойынша қандай шаралар қабылданып жатыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бибігүл Амангелдіқызы.

АСЫЛОВА Б.А. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, мы впервые столкнулись с такой ситуацией и на законодательном уровне данные вопросы не были урегулированы. Это достаточно хорошие нормы, которые на сегодняшний день нам позволяют реализовать весь комплекс мер по реабилитации и социальной адаптации детей.

Те дети, которые вернулись из зон боевых действий в 2019 году. Их 441. 192 ребенка в настоящее время обучаются в общеобразовательных школах, то есть полностью интегрированы, но на уровне школы, соответственно, за ними ведется учет и наблюдение социальных педагогов и психологов. Более 70 детей посещают дошкольные организации и более 150 детей посещают дополнительные образовательные организации, то есть это кружки, секции по интересам.

Работа по психологическому восстановлению на сегодняшний день дальше продолжается, и в прошлом году, и в этом году, то есть это непрерывный процесс.

На каждого ребенка разработана индивидуальная программа, которая зависит от психологического воздействия. Как сказала Айгуль Кабдушевна, действительно все были совершенно в разных условиях, и поэтому здесь должны быть индивидуальные программы обучения. В рамках данного законопроекта за компетенцией Министерства образования и науки, чего не было у нас никогда, закрепляется разработка правил порядка оказания данной реабилитации, проведения данной реабилитации, будут указаны и сроки, то есть весь процесс реабилитации будет регламентирован. Действительно, данные нормы усилят работу нашего министерства в данном направлении.

ТӨРАҒА. Спасибо, Бибигуль Амангельдиновна.

Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне арналады.

Заң жобасының 3-тармағында балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы заңға сегіз және одан да көп балалары бар

көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы мөлшерін әрбір балаға төрт айлық есептік көрсеткіштен ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізілуде.

Жоғарыда баяндамашы мұндай норма 2 мыңнан астам отбасына қатысты болатынын айтып өтті. Бұл норма аса қажет және біздің оған кері күш беруіміз де өте дұрыс әрі әділ және ол 2020 жылғы 1 қайтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осыған байланысты аталған заң жобасына қол қойылғаннан кейін Сіздің министрлік бірден төлем жасауды жүзеге асыруға дайын ба? Және тиісінше отбасылар жоғарылатылған жәрдемақы алу мерзімі ұзарып кетуіне алып келетін министрліктің қосымша ведомстволық бұйрықтарының қабылдануын күтіп қалмай ма?

ТӨРАҒА. Рақмет. Әукенов Ерлан Мұратұлы.

ӘУКЕНОВ Е.М. Сұрағыңызға рақмет.

Біз дайынбыз. Все необходимые подготовительные поправки коснутся одного подзаконного правового акта – приказа министерства №319. Мы дополнения уже подготовили, в марте будет согласовано с тремя министерствами, это Минсельхоз, МЦРИАП, и в рабочем порядке с Министерством юстиции. Оперативно после принятия закона мы незамедлительно в ту же неделю примем приказ по аналогии с введением базовых поправок по АСП.

ТӨРАҒА. Қаражат бөлінді ме?

ӘУКЕНОВ Е.М. Бәрі дайын қазір.

ТӨРАҒА. Жаксы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Айгүл Қабдешқызы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Жұмаділдаева Наталья Васильевнаға беріледі.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны материнства и детства» инициирован группой депутатов Парламента Республики Казахстан.

Законопроект разработан в рамках исполнения поручений Главы государства о принятии мер по возвращению граждан Казахстана из зон боевых действий, а также оказания поддержки многодетным семьям.

Законопроектом предлагается закрепить компетенцию уполномоченного органа в области образования и науки по осуществлению межотраслевой координации по вопросам социальной реабилитации детей, пострадавших от террористической деятельности, а также определить перечень социальных услуг, направленных на социальную реабилитацию детей, пострадавших от террористической деятельности.

В ходе работы рабочей группы над законопроектом депутатами внесены поправки, направленные на:

улучшение редакции нормы по закреплению компетенции уполномоченного органа в области образования и науки по осуществлению межотраслевой координации по вопросам социальной реабилитации детей, пострадавших от террористической деятельности;

выплату пособия за восемь детей и более с 1 января 2020 года.

Кроме того, из законопроекта исключена поправка, вносимая в Закон «О специальных социальных услугах», касающаяся дополнения перечня лиц, находящихся в трудной жизненной ситуации лицами, прибывшими из зон террористической активности, поскольку данный вопрос законодательно урегулирован.

Законопроектом вносятся изменения и дополнения в законы Республики Казахстан «О противодействии терроризму» и «О государственных пособиях семьям, имеющим детей».

Всеми комитетами Мажилиса Парламента даны положительные заключения по законопроекту. Были проведены заседания рабочей группы и расширенное заседание Комитета.

Сравнительная таблица содержит восемь принятых позиций.

С учетом изложенного, комитет считает возможным одобрить проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты материнства и детства» и направить его на рассмотрение в Сенат Парламента Республики Казахстан. Прошу поддержать. Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Наталья Васильевна.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Аронова Ирина Петровнаға беріледі.

АРОНОВА И.П. Спасибо. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! Я считаю, что рассматриваемый законопроект является своевременным, так как решает актуальные вопросы, касающиеся детей, пострадавших от террористической деятельности. Детей, которые родились или приехали с родителями в зону боевых действий, в зону террористической активности, необходимо реабилитировать и возвращать к нормальной жизни.

Защита прав ребенка – один из ключевых постулатов ООН. И ко всем, кто не достиг 18-летнего возраста, необходимо относиться, прежде всего, с точки зрения обеспечения их прав, а потом уже всего остального.

В соответствии с международными нормами права социальная реинтеграция несовершеннолетних является главной целью любых мер, предпринимаемых государственными органами в отношении детей, результатом которых должно стать восстановление детей в качестве социализированного члена общества.

Как уже было отмечено, для их реабилитации были привлечены все заинтересованные государственные органы и неправительственные организации. Поскольку таким детям необходимо оказывать как комплексную, так и индивидуальную реабилитацию.

В данном законопроекте предусматривается компетенция уполномоченного государственного органа в сфере образования и науки по оказанию на постоянной основе правовых, социально-экономических, социально-бытовых, медицинских, психологических, образовательных и культурных услуг.

Так, возвращенные дети в основной своей массе не посещали учебные заведения. Поэтому первоочередной задачей было обеспечение детей обучением и воспитанием.

Для этого до начала учебного года все несовершеннолетние дети прошли психолого-медико-педагогические комиссии для определения их уровня знаний, умений и навыков, вследствие чего для них была разработана индивидуальная программа обучения.

С начала учебного года дети школьного возраста были охвачены образованием, в том числе дополнительным, дети дошкольного возраста устроены в детские сады.

Также проводится работа по социализации детей в общество путем организации различных культурно-массовых мероприятий, и эта работа будет продолжаться.

Уважаемые коллеги, в связи с этим я поддерживаю данный законопроект и прошу вас также его поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо большое, Ирина Петровна.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 102. Қаулы қабылданды.



*Дүрөс: Қуотаттама мен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шайғынбаева.*